

ЖШС «Азиялық Несие Қоры микроқаржы ұйымының» жеке және ШОБ субъектілері үшін төтенше жағдай кезінде несиелер бойынша төлемді тоқтата тұру шарттары

«Азиялық Несие Қоры» микроқаржы ұйымы»(АНҚ) ЖШС Мемлекет басшысының 2020 жылғы 23 наурыздағы тапсырмасына сәйкес несиелер алушыларға микроқаржылар бойынша міндеттемелерді орындау мерзімін тоқтата тұру мүмкіндігін ұсынады

2020 жылдың 16 наурызына дейін берілген несиелер бойынша негізгі қарызбен сыйақы төлеу тоқтатылады және 2020 жылдың 16 наурызынан 15 маусымына дейін 90 күн мерзімге беріледі.

Төлемді тоқта тұруға өтінішті кім, қашан қалай бере алады?

1-ші санат: халықтың әлеуметтік әлсіз топтарының санатына жататын адамдар, әлеуметтік атаулы көмек алушылар, жұмыссыздар.

Халықтың әлеуметтік осал топтарына жатады:

- Ұлы Отан соғысының мүгедектері мен қатысушылары;
 - мүгедектерге және Ұлы Отан соғысына қатысушыларға теңестірілген адамдар;
 - 1 және 2 топтағы мүгедектер;
 - мүгедек балалары бар немесе оларды тәрбиелеп отырған отбасылары;
 - Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен аурулар тізіміне енгізілген кейбір созылмалы аурулардың ауыр түрлерімен ауыратын адамдар;
 - жасына қарай зейнет демалысына шыққан зейнеткерлер ;
 - кәмелетке толғанға дейін ата-аналарынан айырылған жиырма тоғыз жасқа толмаған жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар;
 - оралмандар;
 - экологиялық апаттар, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар салдарынан үйлерінен айрылған адамдар;
 - «Алтын алқа», «Күміс алқа» иегерлері немесе бұрын «Батыр ана» атағын алған, сондай-ақ I және II дәрежелі «Ана даңқы» ордендерімен марапатталған көпбалалы аналар, көпбалалы отбасылар;
 - мемлекеттік немесе қоғамдық міндеттерін, әскери қызметін орындау кезінде, ғарыш кеңістігіне ұшуды дайындау немесе жүзеге асыру кезінде, адам өмірін құтқару кезінде, құқық тәртібін қорғау кезінде қаза тапқан (қайтыс болған) адамдардың отбасылары;
 - толық емес отбасылары жатады.
- 2) «Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алушыларға;
- 3) «Халықты жұмыспен қамту туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес халықты жұмыспен қамту мәселелері бойынша жергілікті органда тіркелген жұмыссыздарға.

Төлемді тоқтата тұру мерзімі: 90 күнге дейін.

Төлемді тоқтата тұру шарттары: мәлімдемесіз, растайтын құжаттарсыз және қосымша келісімдерсіз қарастырылады. Тек қарыз алушының төлемді уақытша тоқтата тұр келісімі жеткілікті.

Төлемді тоқтата тұру келісіміне қалай және қайда өтініш беру керек?

- АНҚ бөлімшелерінде;
- 5061 сенім телефоны арқылы;
- info@acfund.kz

2 санат: жеке тұлғалар

Төлемді тоқтата тұру мерзімі: 90 күнге дейін.

Төлемді тоқтата тұру шарттары: қарыз алушының өтініші негізінде растайтын құжаттарсыз, келесі себептерге байланысты:

- карантиннің енгізілуіне байланысты уақытша жұмысқа жарамсыз;
- ақы төленбей еңбек демалысында жүрген;
- жұмыстан шыққан, еңбек шартын бұзған және өзге еңбек шартын тоқтатқан;
- жалақысы немесе өзге кірістері төмендетілген немесе төлеу тоқтатылған;
- егер қызметкер аумағында төтенше жағдай және (немесе) карантин қолданылатын жерге баруына (шығуына) шектеу қойылуына байланысты жұмыс орнында бола алмаған жағдайда;
- қаржылық жағдайының нашарлауын куәландыратын өзге де себептер..

Қарыз алушының өтініші қаржылық жағдайдың нашарлау себебін көрсете отырып еркін нысанда жасалады. Өтініш 16 наурыз – 15 маусым 2020 ж аралығында қабылданады.

Төлемді тоқтата тұру келісіміне қалай және қайда өтініш беру керек?

- АКФ бөлімшелерінде;
- 5061 сенім телефоны арқылы;
- info@acfund.kz

Өтініштерді қарастыру мерзімі: 10 жұмыс күні.

3-ші санат: ШОБ , оның ішінде жеке кәсіпкерлер

Төлемді тоқтата тұру мерзімі: 90 күнге дейін.

Төлемді тоқтата тұру шарттары: қарыз алушының өтініші және қаржылық жағдайының нашарлауын растайтын құжаттар негізінде. Бұл ретте, кейінге қалдыру туралы шешім келесі жағдайларда қабылданады:

- қызметі төтенше жағдай режимімен шектелген экономика салаларында қызметті жүзеге асыру, оның ішінде: азық-түлік дүкендерін, дәріханаларды және оларға байланысты жеткізілімдерді қоспағанда, сауда секторы, ойын-сауық-сауда орталықтарын жалға алушыларды қоса алғанда, халық тұтынатын тауарлардың дүкендері, тауарлар жеткізу тізбесі, туроператорларды және турагенттерді қоса алғанда, спорт, туризм және қонақ үй бизнесі, азық-түлікті және дәрі-дәрмекті тасымалдауды қоспағанда, жолаушылар және жүк тасымалдау секторы, мейрамханаларды және кафелерді қоса алғанда, қоғамдық тамақтану секторы, тұрмыстық қызмет көрсету секторы, театрларды, кинотеатрларды, фото- және бейне түсіруді, көрмелерді және конференцияларды қоса алғанда, бос уақытты және демалысты ұйымдастыру, мерекелерді ұйымдастыру, сән салондары және фитнес орталықтары;

- төтенше жағдай режимінің қолданылуы кезеңінде сатылған тауарлар және (немесе) көрсетілген қызметтер көлемінің төмендеуі, сатып алушылардан, ақы төлеу мерзімдері кешіктірілгені, тоқтатыла тұрғаны, ауыстырылғаны (мерзімі шегерілгені), қызметкерлердің штат санының қысқарғаны расталған кезде немесе басқа объективті себептер бойынша қаржылық жағдайы нашарлаған.

Шағын және орта бизнестің, оның ішінде жеке кәсіпкердің өтініші 2020 жылдың 16 наурызынан 15 маусымына дейін кез келген уақытта ұсыныла алады

Төлемді тоқтата тұру келісіміне қалай және қайда өтініш беру керек?

- АНҚ бөлімшелерінде;
- 5061 сенім телефоны арқылы;
- info@acfund.kz

Өтініштерді қарастыру мерзімі: 10 жұмыс күні.

Өтінішке қатысты барлық сұрақтар, оны қарау туралы шешім және несиенің басқа егжей-тегжейін білу үшін несие маманына немесе 5061 телефонына хабарласуыңызды өтінеміз.

Сонымен қатар, 2020 жылдың 16 наурызы мен 15 маусымы аралығында АНҚ төлемдерді тоқтата тұру туралы өтінішті қарағаны және тиісті шарттарды өзгерткені үшін қарыз алушыдан комиссиялар мен өзге де төлемдерді өндіріп алмайтындығын хабарлаймыз.